

Петропавл қаласының кәсіпорындары мен ұйымдарында ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 15 маусымдағы N 662 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 27 шілдеде N 13-1-157 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 19 ақпанда N 182 Қаулысымен

Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2010.02.19 N 182 Қаулысымен

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149-ІІ Заңы 7-бабының 5-тармағына, 20-бабына, «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру ережелеріне, «Қоғамдық жұмыстарды, жұмыссыздардың кәсіби дайындығын, біліктілігін арттыру және қайта даярлауды ұйымдастыру және қаржыландыру жөніндегі ережені бекіту туралы» Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2001 жылғы 19 шілдедегі № 38 қаулысына (2001 жылғы 30 шілдедегі мемлекеттік тізілімде № 398 тіркелген, «Северный Казахстан» газетінің 2001 жылғы 7 тамыздағы саны) сәйкес, қала әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған қоғамдық жұмыстардың түрлері бойынша кәсіпорындар мен ұйымдардың тізбесі, түрлері және еңбекақы төлемінің мөлшерлері 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі қоғамдық жұмыстарды жүргізуге қала бюджетінде көзделген қаражат шегінде бекітілген Тізбеге сәйкес жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберуді жүзеге асырсын.

3. «Петропавл қаласының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі қоғамдық жұмыстармен қамтылған жұмыссыздардың еңбекақы төлеміне ақшалай қаражаттың уақытында қаржыландырылуын қамтамасыз етсін.

4. 2-қосымшаға сәйкес Петропавл қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының

күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау осы саланы басқаратын қала әкімінің орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарыққа шыққан күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Петропавл

қаласының әкімі

Е. Нұрақиев

1 - қосымша

Петропавл

қаласы

әкімдігінің

2009

жылғы

15

маусымдағы

№

662

қаулысымен

бекітілген

Қоғамдық жұмыстардың түрлері бойынша кәсіпорындар мен ұйымдардың тізбесі, еңбекақы мөлшерлерінің түрлері мен көлемдері

№	Кәсіпорындардың аталуы	Ай сайынғы жұмыс орны	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Ряды	Коэффициенті
1	«Коммунхоз» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	300 адам	Қала аумағын жинау; аумақтарды көгалдандыру ж/е абаттандыру; мұзды қалашықтарды тұрғызуда қосымша жұмыстарды орындау; ағымдағы жолдарды жөндеу жұмыстары (ойпаң жерлерді құммен толтыру, кювет қазу, ағын канализацияларын қоқыстардан тазарту т.б.)	II III III III	1,49 1,59 1,59 1,59
2	«Солтүстік Қазақстан облысының ЖИТС-пен күрес және алдын алу орталығы» мемлекеттік мекемесі	14 адам	Халықтың әлжуаз топтары қатарына алдын алу жұмыстарын жүргізу (есірткі инъекцияларын тұтынушылар)	G-14	1,43
3	«Солтүстік Қазақстан облыстық әділет	20 адам	Халықты тұрғылықты жері бойынша құжаттандыруға және	G-14	1,43
	департаментінің Петропавл қалалық әділет басқармасы»		тіркеуге техникалық қызмет көрсету		

	мемлекеттік мекемесі				
4	«Көші-кон жөніндегі комитеттің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» мемлекеттік мекемесі	1 адам	Оралмандарды қабылдау және орналастыру бойынша тапсырмалардың орындалуы	G-14	1,43
5	"Петропавл қаласының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	25 адам	Республикалық және аймақтық қоғамдық науқандар өткізуге қатысу Бақшаларды бөлу және саяжай жел телімдерін түгендек жөніндегі жұмыстар жүргізу	G-14 G-14	1,43 1,43
6	«Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағаты» мемлекеттік мекемесі	6 адам	Құжаттарды өңдеуге және сақталуына дайындауға көмек көрсету	G-14	1,43
7	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің облыстықнаркологиялық орталығы» мемлекеттік мекемесі	10 адам	Республикалық және аймақтық қоғамдық науқандарда өткізуге қатысу (жастар, қала оқу орындарында есірткі инъекцияларын мен алкогольды	G-14	1,43
			тұтынушылар арасында алдын алу жұмыстары)		
8	«Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	55 адам	Республикалық және аймақтық қоғамдық науқандарда өткізуге қатысу; құжаттарды өңдеуге және сақтауды дайындауға көмек көрсету; үй шаруашылығын есепке алуға және шаруашылық жөніндегі кітаптар жасауға көмектесу;	G-14 G-14 G-14	1,43 1,43 1,43
9	«Петропавл қаласының ішкі істер басқармасы» мемлекеттік мекемесі	57 адам	Халыққа қызмет етудің сапасын жақсарту және жеделдету мақсатында мәліметтер дерекқорын жасауға көмектесу	G-14	1,43

10	«Солтүстік Қазақстан облысы бойынша салық департаменті» мемлекеттік мекемесі	42 адам	Халыққа қызмет көрсету сапасын жақсарту және жеделдету мақсатында деректер базасын жасауға көмектесу, салық төлеу бойынша хабарландыру тапсыру	G-14	1,43
11	«Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік	5 адам	Республикалық және өңірлік қоғамдық науқандар жүргізуге қатысу (жұмыспен	G-14	1,43
	бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі		қамту және халықты әлеуметтік қорғаумәселелері бойынша статистикалық зерттеулер)		
12	Шаруашылық жүргізу құқығындағы Петропавл қаласы әкімдігінің «Жылжымайтын мүлікті түгендеу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	20 адам	Республикалық және өңірлік қоғамдық науқандарда (халық санағын)	G-14	1,43
13	«Шаруашылық жүргізу құқығындағы Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің «Қызыл Жар–Ақбастау» коммуналдық базары» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	50 адам	Кәсіпорындар мен ұйымдарға ауылшаруашылық өнімдерін жинау және сұрыптауға көмек көрсету	III	1,59
14	«Көліктегі ішкі істер орталық департаментінің Петропавл станциясындағы	5 адам	Халыққа қызмет көрсету сапасын жақсарту және жеделдету мақсатында деректер базасын қалыптастыруға көмек	G-14	1,43
	желілік ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі		көрсету		
15	«Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі	17 адам	Деректер базасын қалыптастыруға, техникалық қызмет көрсетуге және құжаттан дыруға, әскери міндеттілер мен әскерге шақырылу		1,43

			шыларға шақырту қағазын тапсыруға көмек көрсету	G-14	
	Жиынтығы	627			

Петропавл қаласы әкімдігінің
2009 жылғы 15 маусымдағы
№ 662 қаулысына
2-қосымша

Петропавл қаласы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. «Петропавл қаласының кәсіпорындары мен ұйымдарында ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» Петропавл қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы № 2083 қаулысы (2008 жылғы 22 қаңтардағы мемлекеттік тіркеу № 13-1-110; 2008 жылғы 8 ақпандағы «Қызылжар нұры» № 6 саны, 2008 жылғы 8 ақпандағы «Проспект СК» № 7 саны).

2. «Петропавл қаласының кәсіпорындары мен ұйымдарында ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» Петропавл қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы № 2083 қаулысына өзгерістер енгізуі туралы» Петропавл қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 22 ақпандағы № 256 қаулысы (2008 жылғы 26 наурыздағы мемлекеттік тіркеу № 13-1-114, 2008 жылғы 4 ақпандағы «Қызылжар нұры» № 14 саны, 2008 жылғы 4 ақпандағы "Проспект СК" № 15 саны).

3. «Петропавл қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы «Петропавл қаласының кәсіпорындары мен ұйымдарында ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» № 2083 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Петропавл қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 14 шілдедегі № 1180 қаулысы (2008 жылғы 22 шілдедегі мемлекеттік тіркеу № 13-1-121, 2008 жылғы 15 тамыздағы "Қызылжар нұры" № 33 саны, 2008 жылғы 15 тамыздағы "Проспект СК" № 34 саны).

4. «Петропавл қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы «Петропавл қаласының кәсіпорындары мен ұйымдарында ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» № 2083 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Петропавл қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 19 тамыздағы № 1317 қаулысы (2008 жылғы 28 тамыздағы мемлекеттік тіркеу № 13-1-124, 2008 жылғы 5 тамыздағы «Қызылжар нұры» № 36 саны, 2008 жылғы 5 тамыздағы «Проспект СК» № 37 саны).

5. «Петропавл қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы «Петропавл қаласының кәсіпорындары мен ұйымдарында ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» N 2083 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Петропавл қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 20 қазандағы № 1747 қаулысы (2008 жылғы 4 қарашадағы мемлекеттік тіркеу N 13-1-145, 2008 жылғы

7 қарашадағы «Қызылжар нұры» № 45 саны, 2008 жылғы 7 қарашадағы "Прспект СК" № 46 саны.)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК